

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлері арасында тоқсан сайын құқықтық оқыту отырысының

№ 02 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

16.06.2026 жыл.

Жиналыс төрағасы: - басшы орынбасарының м.а.А.Серикбаев

Хатшы: - кәсіпорын заңгері-еңбек қауіпсіздік маманы Н.Жайсанбаев

Қатысқандар: - кәсіпорын қызметкерлері, дәрігерлер, орта буын және кіші буын мамандары ;

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802- ші және басқа Жарлықтарына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту туралы;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы №414-V ҚРЗ заңының қолданыстағы талаптарына негізінен терең тоқталып, құқықтық түсіндіру туралы;

Жиналысты Түркістан қалалық орталық ауруханасының басшы орынбасары м.а.А.Серикбаев жиналысты ашық деп жариялап, кәсіпорын заңгері Н.Жайсанбаевқа сөз кезегін берді.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрағы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдарын баян етті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы заңының 9-10-бабында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру, қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары жайлы түсінік берді.

Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толық қанды мәлімет берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кәсіпорынның Еңбек қауіпсіздік

маманы Н.Жайсанбаев өзінің құқықтық түсіндіру негіздемелерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы №414-V ҚРЗ заңының қолданыстағы кодексі талаптарына терең тоқталып, мысалдармен және практикалық құқықтық түсіндіру жұмыстары жөнінде жан-жақты мәліметтер жасалды.

Сонымен бірге Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары туралы келесідей нақты мысалдарға тоқтала отырып келесі атауларға анықтамалар келтірілді:

1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;

2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;

3) әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;

4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету;

5) сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау; Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Кәсіпорын басшы орынбасарының м.а. А.Серикбаев қатысушылардың қойылған сұрақтарына толық жауап берілгенін негізге ала отырып, қорытынды сөзімен жиналысты аяқтады.

Жиналыс төрағасы

Жиналыс хатшысы



А.Серикбаев

Н:Жайсанбаев